

*Н. Жанхан, Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының докторанты, полиция майоры
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚАТЫСАТЫН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІКТЕРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласында азаматтардың өкілеттіктерін іске асыруы тиісті кепілдіктерсіз орындалмайды. Сонымен қатар, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтық мәртебесін нормативтік-құқықтық реттелуінің көп деңгейлігі олардың құқық қорғау саласындағы құқықтарының қамтамасыз етілу механизмдерінің теңдесуін жойып жіберуге жиі әкеледі.

Ғалымдар кепілдікті ең маңызды белгі, «жеке бастың құқықтары мен еріктілігінің имманенттік қабілеті, оларды қоршаған ортаның қажетті сапасы» деп санайды, онсыз «жеке адамның қоғамға қойған талаптары тек сырт көзділік сипатына ие болады»¹. Н. Ю. Хаманеваның атап өткеніндей, сенімді әрекет ететін кепілсіз Конституцияда айқындалған құқықтар мен бостандықтарының өзі де заң тұрғысынан жалған болуы мүмкінⁱⁱ.

Кейбір зерттеушілердің айтуынша, азаматтардың құқықтық кепілдігін құқықтық мәртебенің құрылымдық бөлігі ретінде қарастыруға болмайды, өйткені олар экономикалық, саяси және заңды болуы мүмкін. Құқықтық мәртебеге тек қана заңды емес басқа да кепілдіктерді қосу қисынға сыймайды, себебі бұл тектес кейбір кепілдіктер құқық нысанынан тыс түрде болады. Егер тек құқықтық кепілдіктерді құқықтық мәртебеге енгізуді айтсақ, бұл кепілдіктердің мәртебеге жататын басқа элементтермен сыйыспайтындығы айқындалады. Сондықтан азаматтардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауының заңды кепілдіктері «мемлекеттік басқарудың кейбір салалары, мемлекеттік басқару аппаратының басқа салалары іс-әрекеттерімен жүзеге асырылатын болғандықтан, азаматтар мәртебесінің шеңберінен тыс» болады. М. С. Строгович, мысалы, бірінші мәртебенің мазмұнына дербес элемент ретінде тек қана құқықтық кепілдіктерді енгізедіⁱⁱⁱ.

Біздің көзқарасымыз бойынша кепілдік — құқықтық мәртебенің басқа элементтерімен, яғни құқықтарымен, міндеттерімен және жауапкершілікпен тығыз байланыста, өзара тәуелділікте бола отырып, кепілдіктер өзіне тән мақсаттары мен міндеттері, негіздері, іс-әрекеттерінің механизмі мен шарттарына ие құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтық мәртебесінің бөлігі (элементі).

Кепілдіктің мақсаты — азаматтардың құқықтарын жүзеге асыруына мүмкіндік туғызу, қысым көрсетпеу және оларды теріс бағытта пайдаланбау. Біздің ойымызша, ғылыми ұғынуды және тәжірибелік қолдануды талап ететін бірнеше проблемалық жайларды айыру тиімді. Біріншіден, кепілдік Қазақстан Республикасы Конституциясында айқындалған азаматтардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуда субъективтік құқықты жүзеге асыруға мүмкіндік туғызуы керек. Екіншіден, кепілдіктер азаматтардың жеке басын қорғауының шаралары мен тәсілдерін енгізу қажет. Үшіншіден, олар құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатыспайтын басқа азаматтардың құқықтарын заңсыз шектеуді енгізбейтін шараларды бекітуді талап етеді.

Өзінің мәндік бағытталуы тұрғысынан кепілдіктер — адамдардың мүдделерін, игіліктерін қанағаттандыруын қамтамасыз ететін шарттар, механизм, құралдар мен тәсілдердің жүйесі. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға берілетін сенімді кепілдіктер құқық қорғау ісіне қауымның қалың көпшілігін тартудың қосымша құралы.

Азаматтардың құқықтарының басты кепілі, И. В. Ростовщиковтың айтуынша, «құзырында дербес сот билігі, құқық қорғау органдары бар, азаматтардың құқықтары мен еріктілігін қамтамасыз ететін мемлекет»^{iv}. Кейбір ғалымдар азаматтардың құқықтарының бастапқы және жан-жақты кепілдігі ретінде заңды атайды. Мемлекеттің, қандай да бір ұйымдардың және лауазымды адамдардың айрықша артықшылығын жариялау кепілдіктерді осалдатып, өктемдікке жол береді. Кез келген билік құрылымдары мен

лауазымды адамдары «заң шегінде әрекет етуі міндетті, тек сол шектерде ғана құқықтық-ұйымдастырушылық кепілдіктің сапаларына ие бола алады»^v.

Заң мен мемлекеттің арасындағы үзілмейтін байланыстың бұзылуы, олардың артықшылығын тағайындау қандай да болмаса кепілдіктің іс жүзіне асырылуына күмән келтіреді, себебі заңның іске асырылуы арнайы өкілетті билік ұйымдары мен лауазымды адамдарының іс-әрекеті арқылы мемлекетке жүктелген заңмен бекітілетін кепілдіктер. Заң мен мемлекеттің өзара байланыста болуы — азаматтардың құқықтық кепілдігінің орын алуының ең маңызды алғышарты.

Көп жағдайда кепілдіктерді топтамалау теория жүзінде тереңірек ұғынуға, іс-әрекет механизмін талдауға, олардың кемістіктерін табуға мүмкіндік туғызады.

О. М. Хатюшенко, «мазмұны мен сипаты жағынан кепілдікті жалпы және арнайы деп топтастырады.

Жалпы кепілдіктер құқықтар мен міндеттерді іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін белгілі экономикалық, саяси, әлеуметтік және идеологиялық жағдайлар мен алғышарттар ретінде танылады.

Арнайы кепілдіктер — заңды құралдар арқылы іске асыру және азаматтардың құқықтары мен міндеттерін қорғаудың нақты ретін анықтайтын құқықтық мөлшер»^{vi}.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарға арналған жалпы кепілдіктер тобы әлеуметтік сипат алады, ал арнайы кепілдік құқықтарды іске асыру және қорғау мүмкіндігін береді, олардың үзбей жетіліп отыруын, нақтылы орындалуын және құқық бұзушылықтан тиімді қорғауды қамтамасыз етеді.

Жалпы кепілдік азаматтарға құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету құқықтарын іске асыруға мүмкіндік беретін материалдық және әлеуметтік игілік ала алатын объективті жағдайларды туғызады. Кейбір мамандар басты рөлді құқықтарды іске асырудың экономикалық және материалдық жағдайына береді, алайда тәжірибеде ішкі істер органдарына жәрдем беретін азаматтарға материалдық және әлеуметтік игіліктер тағайындау ұғымы тиянақсыз, шынайылығы жоқ болып шығатынын көрсетеді.

Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтарының жалпы кепілдігін жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары, оларды заңдар мен басқа нормативтік-құқықтық актілерде бекітіп, тағайындайды. Арнайы кепілдіктер азаматтардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысу құқықтарын іске асыру, қорғау және күзету тәртібін анықтайтын болғандықтан, оларды тағайындау — тек қана мемлекеттік билік ұйымдарының құзыры болып табылады.

Құқық қорғау кепілдіктері болып мемлекеттік ұйымдардың бақылау-қадағалау қызметінің нормаларын және әрекет немесе әрекетсіздігі азаматтардың құқығын дұрыс жүзеге асыруға кедергі келтіретін жағдайда міндетті адамдар мен ұйымдардың жауапкершілік дәрежесін анықтайтын ескерту сипатындағы нормалар саналады. Қорғау кепілдіктері бұзылған құқықтарды қорғау мақсатын алға қояды, оларды қалпына келтіру шаралары мен құралдарын анықтайды, басқаша айтқанда, азаматтардың құқығы бұзылғанға дейін күзету шаралары, ал одан кейін қорғау шаралары қолданылады.

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңында құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың заңды талаптарын орындау халық үшін міндетті іс екендігі анықталмаған. Сол себепті заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту тек қана қоғамдық тәртіпті тікелей қолдау және құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін адамдардың жұмысын тиімді құқықтық қорғау істерін жасаған жағдайда орындалатындығын назарға алған жөн.

Қазіргі уақытта азаматтардың құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуы жеткілікті деңгейде жетік реттелмеген, сондықтан бұндай қызметті қамтамасыз ететін арнайы кепілдіктер жоқ. Заң шығарушы, өзінің құзырының аясынан шыға отырып, республикалық деңгейде бекітуді талап ететін кейбір арнайы кепілдіктерді жариялайды: «азаматтар өзіне жүктелген міндеттерін орындағанда мемлекет қорғауында болады, оның құқық бұзушылықты тоқтату туралы заңды талаптарын барлық азаматтар орындау қажет; заңды әрекетіне қарсы тұру, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматқа қатысты зорлық-зомбылық жасау немесе оны қолдану қаупі, өмірі, денсаулығы, ар-ожданы мен арнамысына қоғамдық тәртіпті қорғау міндеттерін орындаған кездегі жасалған озбырлық Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жауапкершілікке әкеледі»^{vii}.

Түпкілігінде дұрыс және қажетті нормалар қазіргі кезеңде құқықтық негізі болмағандықтан тек жария деңгейінде қалып отыр. Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтардың құқықтық қорғалуын нығайту жүйелі заң шығарушылық жұмысын қарастырады. Құқықтық реттеуді жетілдірудің бірінші сатысы, біздің ойымызша, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы заңды жетілдіруді талап етеді.

-
- ⁱ Мордовец А. С., Магомедов А. А., Силантьева Л. В., Чинчиков А. А. Права человека и деятельность органов внутренних дел. — Саратов, 1994. — С. 72.
- ⁱⁱ Хаманева Н. Ю. Понятие и сущность административно-правового статуса гражданина. Административно-правовой статус человека и гражданина // Государство и право. — 2003. — № 11. — С. 8.
- ⁱⁱⁱ Строгович М. С. Вопросы теории прав личности // Вестн. Академии наук СССР. —1974. — № 9. —С. 72.
- ^{iv} Ростовщиков И. В. Права личности в России: их обеспечение и защита. — Волгоград, 1997. — С. 17.
- ^v Алехин А. П., Козлов Ю. М., Кармолицкий А. А. Административное право Российской Федерации: Учебн. — 2003. — С. 94.
- ^{vi} Хатюшенко О. М. Административно-правовой статус государственного служащего Российской Федерации: Автореф. дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1999. — С. 14.
- ^{vii} Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 590 «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» Заңы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» ШЖҚ РМК // www.online.zakon.kz